



Орталық іске қосылды

**Мұрат
ЖҮНІС ҰЛЫ**

**Ы.Алтынсарин атындағы
Арқалық педагогикалық
институтында
«Ақпараттық
технологиялар
орталығы» ашылды.**

Орталықтың ашылуы биылғы Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына, сонымен қатар 1972 жылдың 12 сәуірінде ашылған Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының келер жылғы жарты ғасырлық мерейтойына орай ұйымдастырылып отыр.

Ілкімді шараға қала әкімі Ө.Асанов, мектеп директорлары, ұстаздар қауымы мен оқушылар қатысты. Жиын барысында білім ошағындағы ақпараттық-коммуникациялық технологияларымен таныстыру өткізілді.

Орталық қазіргі заманғы

Arduino аппараттық-бағдарламалық құралымен және Fischertechnik Advanced конструкторымен жабдықталған. Сонымен қатар лазерлік кескіш, микросхема дәнекерлегіш, 3D принтер т.б. қосымша құрылғылар бар. Бұл студенттердің интеллектуалдық дамуын ғана емес, сондай-ақ мектеп оқушыларына робототехника курсы бойынша сапалы білім беру мақсатын да көздейді.

– Келешекте бұл орталық институт пен қала мектептері, колледждер арасында ақпараттық технологиялар, робототехника бойынша оқу жетістіктерін жоғарылатуға ықпал етеді. Бұл оқушылар арасында IT-білім беруде өте маңызды болып табылады. Жоғары деңгейде дамыған цифрлық инфрақұрылым қазіргі білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылатындығы сөзсіз, – дейді институт ректоры Сейітбек Қуанышбаев.

Арқалық қаласы.